

АТА -АНАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

1 – 4 сынып

"Ата-аналарды бала тәрбиесіне сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы"

Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспарына сәйкес "Ата-аналарды бала тәрбиесіне сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы" тақырыбында ата-ананы бала тәрбиесіне жауапкершілікпен қарауға шақыру, баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап көрсету, мектеп ата-ана ынтымақтастығын нығайту мақсатында 2-сынып жетекшісі ата-аналар жиналысын өткізді.

Күн тәртібінде:

1. Балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы (таныстырылым), оқушы тазалығы.

2. Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру.

. Интернеттегі қауіптер;

. шынайы өмірдегі буллинг және кибербуллинг;

. балалар арасында өсіп келе жатқан тренд болған онлайн ойындар;

Күн тәртібіндегі сұрақтар бойынша жұмыстар жүргізіліп, ағымдағы мәселелер бойынша ата-аналармен кері байланыс жүргізілді. Әр отбасында баланың тыныш ұйықтауы қамтамасыз ету, баланың күн тәртібінің бұзылмауын қадағалау;

Сабақ «Бізбен бірге» сергіту жаттығуымен басталды. Сабақ барысында ата-аналар

“Ұйқының баланың тұлғалық дамуына әсері” топтық тапсырмалар мен “Ұйқының функциялары” жаттығуын үлкен қызығушылықпен орындады. Баланың дұрыс және сапалы ұйықтауы туралы ата-аналардың білімін жандандыру және кеңейту мақсатында миға шабуыл әдісі бойынша “Ұйқы шақыратын және бұзатын жағдайлар” тақырыбында өзара пікір алмасты.

Сабақ соңында ата-аналарға “Дұрыс ұйқы ережелері” туралы ұсынымдар беріліп, «Салауатты ұйқы» әдісі арқылы сабаққа қатысқан ата-аналар өз идеяларын ұсынды. Сабақ «Түстер шоғыры» рефлексиясы бойынша аяқталды. Ұсыныстар: Келесі сабаққа ата-аналар арасынан «Менің баламның күн тәртібі қалай құрылған?» тақырыбында таныстырылым жасау. Нәтижесін көрсету